

FTAMP 19.41.07

<https://doi.org/10.26577/HJ20257842>

Р.Ш. Нуриден^{1*}, **М.Т. Мукашева²**,
А.М. Тілепберген², **В.Т. Джуматаева²**

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: rahima_n55@mail.ru

ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚАЛАМҒЕРЛЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН НАСИХАТТАУДАҒЫ «АЗАТТЫҚ» РАДИОСЫНЫҢ РОЛІ

Бұл мақалада АҚШ-тың халықаралық «Азаттық» радиосы тарапынан Қытайдағы қазақ қаламгерлерінің шығармашылығына арналған радиохабарлардың мазмұны, мақсаттық бағыттылығы және мәдени-коммуникативтік маңызы жан-жақты талданады. XX ғасырдың екінші жартысында эфирге шыққан аталған бағдарламалар түрлі саяси, техникалық және ақпараттық кедергілерге байланысты Қазақстан аумағына толық таралмағанымен, олардың бірқатары сақталып, бүгінгі күнге дейін құнды рухани мұра ретінде жетіп отыр. «Азаттық» радиосының «Қазақ редакциясын» басқарған Хасен Оралтайдың бастамасымен жинақталған мұрағаттық қор қазіргі таңда ҚР Ұлттық академиялық кітапханасында сақталып, зерттеушілерге қолжетімді маңызды дереккөзге айналды. Осы материалдар негізінде 2023 жылы радионың 70 жылдығы мен Хасен Оралтайдың 90 жылдығына орай «Азаттық радиосынан сөйлеп тұрмыз» атты іргелі еңбек жарық көрді.

Мақаланың негізгі мақсаты – Қытайдағы қазақ қаламгерлерінің шығармашылық мұрасын таныту мен оның халықаралық деңгейде насихатталуына «Азаттық» радиосының қосқан үлесін айқындау. Зерттеу барысында мәтіндік талдау, тарихи-салыстырмалы әдіс, дереккөздерге жүйелі шолу және нақты мысалдарды талдау тәсілдері қолданылды. Радиохабарлардағы ақпараттық деректер Қытайдағы қазақ қаламгерлерінің мерзімді баспасөздегі еңбектерімен салыстырыла қарастырылып, олардың өзара байланысы, ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалды.

Зерттеу нәтижелері «Азаттық» радиосының Қытайдағы қазақ әдеби қауымының шығармаларын анықтау, сақтау және кең аудиторияға таратуда ерекше тарихи-мәдени рөл атқарғанын көрсетеді. Сонымен қатар, радиохабарлардың ұлттық мәдениетті жаңғырту, тарихи жадты сақтау және Қазақстан мен Қытайдағы қазақ диаспоралары арасындағы рухани-мәдени байланысты нығайту бағытында маңызды коммуникативтік құрал болғаны дәлелденді. Мақалада аталған радиомұраның қазақ әдебиеті тарихын толықтырудағы, қаламгерлердің шығармашылық келбетін ашудағы ғылыми әлеуеті де тұжырымдалып көрсетіледі.

Түйін сөздер: «Азаттық» радиосы, радиохабарлар, қазақ қаламгерлері, шығармашылық, бұқаралық ақпарат құралдары.

**R.Sh. Nuriden^{1*}, M.T. Mukasheva²,
A.M. Tilepbergen², V.T. Dzhumatayeva²**

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: rahima_n55@mail.ru

The role of Radio Liberty in promoting the work of Kazakh writers in China

This article analyzes the content, thematic focus, and cultural significance of the broadcasts produced by the U.S.-based international radio station Radio Free Europe/Radio Liberty (RFE/RL) that were dedicated to the works of Kazakh writers living in China. Although these programs, which were aired during the second half of the twentieth century, did not reach Kazakhstan in full due to political, technical, and informational barriers, part of the archival materials has been preserved and is now considered a valuable cultural and historical heritage. The archive collected under the leadership of Hasan Oraltai, head of the Kazakh Service of RFE/RL, is currently stored at the National Academic Library of the Republic of Kazakhstan, where it serves as an important source for scholarly research. Based on these materials, a significant publication entitled «Speaking from Radio Azattyk» was released in 2023 in commemoration of the radio's 70th anniversary and Hasan Oraltai's 90th anniversary.

The main objective of the article is to identify the role of «Azattyk» radio in promoting and dissemi-

comparative methods, and systematic examination of specific examples. The data obtained from radio broadcasts are compared with the publications of Chinese Kazakh writers in the press, revealing the interrelations, parallels, and distinctive features between the two sources.

The findings demonstrate that «Azattyk» radio played a crucial role in preserving, documenting, and transmitting the literary heritage of Chinese Kazakh authors. Furthermore, the broadcasts served as an important medium for revitalizing national culture, sustaining historical memory, and strengthening cultural ties between Kazakh communities in Kazakhstan and China. The article highlights the scholarly value of these radio archives for expanding the history of Kazakh literature and understanding the creative contributions of diaspora writers.

Keywords: Azattyq, radio broadcasts, Kazakh writers, creativity, mass media.

Р.Ш. Нуриден^{1*}, М.Т. Мукашева²,
А.М. Тілепберген², В.Т. Джуматаева²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: rahima_n55@mail.ru

Роль радио «Азаттык» в продвижении творчества казахских писателей Китая

В данной статье рассматриваются содержание, тематическая направленность и культурно-коммуникативное значение радиопередач международной радиостанции «Азаттык», посвящённых творчеству казахских писателей, проживавших в Китае. Несмотря на то, что эти программы, выходявшие во второй половине XX века, по политическим, техническим и информационным причинам не полностью доходили до Казахстана, их часть сохранилась и сегодня представляет собой ценное духовное и историко-культурное наследие. Архив материалов, собранный по инициативе руководителя «Казахской редакции» Хасена Оралтая, в настоящее время хранится в Национальной академической библиотеке Республики Казахстан и служит важным источником для исследователей. На основе данных материалов в 2023 году, к 70-летию радиостанции и 90-летию Хасена Оралтая, была издана фундаментальная работа «Говорим с радио «Азаттык»».

Цель статьи – определить роль радио «Азаттык» в продвижении и популяризации творческого наследия казахских писателей Китая. В исследовании использованы методы контент-анализа, историко-сравнительный подход и системное рассмотрение конкретных примеров. Данные радиопередач сопоставляются с публикациями китайских казахских авторов в периодической печати, что позволяет выявить взаимосвязи, сходства и различия между ними.

Полученные результаты показывают, что радио «Азаттык» сыграло значимую роль в сохранении, документировании и распространении литературного наследия китайских казахов. Кроме того, радиопередачи выступили важным средством актуализации национальной культуры, поддержания исторической памяти и укрепления духовно-культурных связей между казахскими сообществами Казахстана и Китая. В статье подчёркивается научная ценность данного радиоархива как источника, расширяющего представление об истории казахской литературы и творческом наследии писателей диаспоры.

Ключевые слова: «Азаттык», радиопередачи, казахские писатели, творчество, средства массовой информации.

Кіріспе

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін ғылыми зерттеулерде шетелде өмір сүретін қазақтардың тарихы мен тағдырына, олардың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, ұлттық болмысын сақтауы мен өзгеруіне қатысты мәселелер кеңінен қарастырыла бастады. Бұл бағытта қандастардың шығу тегі мен этникалық құрылымы, ұлттық психологиясы мен дүниетанымы, тұрмыс-салт ерекшеліктері, тілі мен діні, әдебиеті мен өнері, сондай-ақ журналистикасы арнайы зерттеу нысанына айналды.

Зерттеуде Қытай қазақ қаламгерлерінің шығармашылығы мен қазақ тілінде жарық көрген мерзімді басылымдардың ұлт болмысын сақтау жолындағы маңызы қарастырылады. Бұл еңбектің мақсаты – шетелде өмір сүрсе де, өз ұлтының рухани құндылықтарынан ажырамаған қаламгерлердің ана тілі мен мәдениетті ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудегі ролін айқындау. Сонымен қатар, радиожурналистиканың бұқаралық ақпарат құралдары жүйесіндегі орны мен ықпалына назар аудару. Радионың әдебиеттегі ролі соңғы онжылдықтарда теориялық тұрғыдан белсенді зерттеліп келеді. Әсіресе, радио

формаларының көркемдік үдерістерге ықпалы, жазушылардың шығармашылық тәсілдеріне енгізген жаңашылдықтары ғылыми талқылаудың нысанына айналды. Бұл тұрғыда «Радионың қаламгерлер жайлы тарихи және теориялық шолуы авангардтық тәжірибелерді және олардың жазушыларға әсерін зерттеуді қарастырады» (Whittington, 2014:12) деген тұжырым радио мен әдебиет арасындағы өзара ықпалдастықтың күрделі табиғатын айқындайды. Медиа ретінде радио саяси дискурстарды таратуда ғана емес, сонымен қатар әдеби шығармаларды насихаттауда да маңызды қызмет атқарды. Бұл туралы зерттеушілердің бірі: «Радио дүниеге келісімен қаламгерлерді насихаттауда саяси, технологиялық, мәдени және әлеуметтік құрал болды» (Wagner, 2019:45) деп атап өтеді. Осылайша, радионың көпқырлы функциясы жазушылардың шығармашылық стратегияларына ықпал етіп, әдебиеттің қоғаммен байланысын жаңа деңгейге көтерді. Бұл мақала қазіргі ғылыми өндірісті контекстке келтіру үшін радиотану тарихына шолу жасаудан басталады. Алайда, осы мәселелер ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттелмей тұрған кезеңде-ақ «Азаттық» радиосы тыңдаушыларға шетел қазақтарының өмірі мен шығармашылығына қатысты беймәлім тақырыптарды ұсынған болатын. Солардың ішінде Қытайдағы қазақ қаламгерлерінің шығармашылықтары мен ондағы баспасөз құралдарының қызметі айрықша орын алады. XX ғасырдың 70–80 жылдарында эфирге шыққан радиохабарлар тек әдеби мұраны танытумен шектелмей, ұлттық рухты оятуға, сырттағы қандастардың қазақ қоғамымен рухани байланысын сақтауға ықпал етті.

Зерттеу әдістері

Зерттеу жұмысы барысында Қытайдағы қазақ қаламгерлерінің шығармашылығын талдауда бірнеше ғылыми әдістер қолданылды. Атап айтқанда, мәтіндік талдау әдісі арқылы радиохабарлардың мазмұны мен құрылымы сараланып, қаламгерлер туындыларындағы негізгі тақырыптар мен идеялық бағыттар айқындалды. Салыстырмалы әдіс радиохабарлардағы деректер мен Қытайда жарық көрген мерзімді басылым материалдарын өзара салыстыруға мүмкіндік берді, нәтижесінде олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Жиналған мәліметтерді жүйелеу және талдау барысында сипаттау әдісі қолданылып, деректер тарихи және мәдени контекст тұрғысынан түсіндірілді. Сонымен қа-

тар, тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде Қытай Халық Республикасындағы саяси жағдайлардың қаламгерлер шығармашылығына тигізген ықпалы сараланды. Осы әдістердің біртұтас қолданылуы нәтижесінде радиохабарлардың көркемдік және публицистикалық сипаты, сондай-ақ олардың қазақ қаламгерлерінің шығармашылығын насихаттаудағы орны айқындалды.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу, мақсаты мен міндеттері

Қазақ халқының басым бөлігі өз мемлекеті – Қазақстан Республикасында өмір сүретіні белгілі. Дегенмен, тарихи, саяси және геосаяси себептерге байланысты қазақтар әлемнің әр түкпірінде мекендеп келеді. Солардың ішінде Қытайдағы қазақ қаламгерлері – шетелдегі қазақ әдебиетінің ең қомақты өкілдері болып саналады. Олар XX ғасырдың басынан бастап бүгінгі күнге дейін ұлттық әдебиеттің дәстүрін сақтап, жаңа көркемдік бағыттар қалыптастырды. Қытайдағы қазақ қаламгерлерінің шығармашылығы – қазақ әдебиетінің шетелдегі ерекше тармағын құрайды. Бұл бағытты зерттеу қазақ әдебиетінің географиялық кеңеюін, мәдени байланыстарын және ұлттық сана мен тілдің сақталуындағы әдебиеттің ролін айқындауға мүмкіндік береді.

Қытай қазақтарының әдебиеті тарихи тұрғыдан да, көркемдік мазмұн тұрғысынан да ерекше құбылыс болып табылады. Олардың шығармалары туған жер, ұлт тағдыры, ел мен жерге сағыныш, дәстүр мен жаңашылдықтың тоғысуы сияқты мәңгілік тақырыптарды қозғайды. Сондықтан бұл тақырыпты таңдау – радиохабарлар арқылы қазақ әдебиетінің әлемдік кеңістіктегі орны мен ықпалын анықтау, сондай-ақ ұлттық рухани мұраны сақтау мен насихаттау жолындағы қадам болып табылады.

Сонымен қатар бұл зерттеу шетелдік қазақ қаламгерлерінің шығармашылығын, олардың ұлттық идеяны сақтау, азаттық пен рухани тұтастыққа ұмтылу жолындағы қызметін талдауға бағытталған.

Мақсаты: «Азаттық» радиосының деректері негізінде Қытай қазақ қаламгерлерінің шығармашылығын саралау; Шетелдерде өмір сүретін қазақтардың тарихи-мәдени жағдайын анықтау; Қытайдағы қазақ қаламгерлерінің әдеби мұрасын кешенді түрде талдау, олардың шығармашылығындағы ұлттық идея, тарихи жад және мәдени бірегейліктің көрінісін айқындау.

Міндеттері: Қытай қазақтарының әдеби шығармаларындағы ұлттық бірегейлік пен тарихи жад мәселесін зерделеу; Ақыт Үлімжіұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Дубек Шалғынбайұлы, Нариман Жабағытайұлы сияқты қаламгерлердің еңбектерін талдау; Шетелдегі қазақ әдебиетінің ұлт бостандығы, дін, білім және еркіндік идеяларын дәріптеудегі ролін ашу.

Әдебиетке шолу

Шетелдерде өмір сүретін қазақтардың әдебиеті мен мәдени өмірін зерттеу соңғы жылдары көпқырлы бағытта дамып келеді. Бұл тақырып төңірегінде жарық көрген еңбектер мен дереккөздерді мазмұндық тұрғыда төрт негізгі бағытқа бөліп қарастыруға болады: тарихи-мәдени зерттеулер, ирреденттік және диаспоралық әдебиетке арналған ғылыми еңбектер, шетелдік зерттеушілердің еңбектері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары мен радио хабарларындағы материалдар.

Шығыс Түркістан мен Алтай өңірінде өмір сүрген қазақ қаламгерлерінің шығармашылығы жөнінде алғашқы жүйелі мәліметтер XX ғасырдың 70–80 жылдары жарық көрген «Азаттық» радиосы хабарлары мен баспа материалдарында берілді. Мысалы, «Шалғын» журналының 1973 жылғы №4 санында жарық көрген «Ақынның сөзі өлмейді» мақаласында Ақыт Үлімжіұлының өмірі мен әдеби мұрасы жан-жақты талданады (Шалғын, 1973). Сондай-ақ «Азаттық» радиосының 1973 және 1981 жылдардағы хабарларында Хасен Оралтай мен басқа авторлар Ақыттың ағартушылық, діни және ұлттық идеяларына кеңінен тоқталып, оның шығармаларының халық жадында сақталу жолдарын көрсетеді (Оралтай, 1981; Азаттық, 1973). Бұл еңбектерден байқалатыны – ирреденттік сипаттағы әдебиеттің басты өзегі ретінде ұлттық сана, рухани тәуелсіздік және білімге ұмтылу идеясы анық көрінеді. Ақыт Үлімжіұлы мен Таңжарық Жолдыұлы сияқты тұлғалар өз шығармалары арқылы отарлық езгі мен рухани қысымға қарсы тұрудың көркем үлгісін жасаған. Радиохабарында тарихи Отанынан бөлініп қалса да, мәдени тамырынан ажырамаған әдеби құбылыс ретінде сипатталады. Бұл тұжырым Ақыт, Таңжарық, Нариман Жабағытайұлы сияқты қаламгерлердің шығармашылығын жаңа қырынан талдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, М. Оразбайдың «Асыл мұра» мақаласында (1984) Шыңжаңдағы қазақ тіліндегі әдеби басылымдардың роліне назар

аударылып, «Мұра» журналының түркі халықтарының рухани сабақтастығын сақтаудағы маңызы атап көрсетіледі.

Қазақтардың ұлт-азаттық күресі мен эмиграциялық қозғалыстары туралы шетел ғалымдарының еңбектері де маңызды дерек көзі болып табылады. Ағылшын жазушысы Г. Лиас өз еңбегінде (*Kazakh Exodus*, 1956) Оспан батыр бастаған қозғалысты егжей-тегжейлі сипаттап, оны ұлттық тәуелсіздік жолындағы күрес ретінде бағалайды. Ал америкалық зерттеуші А. Барнетт (*China on the Eve Communist Takeover*, 1963) еңбегінде Шығыс Түркістан аймағындағы саяси ахуал мен қазақтардың тағдырын Қытай коммунистік билігінің орнау қарсаңында талдайды. Араб әдебиеттанушысы Х. Mahfoodh пен Н. Wagner еңбектерінде (2021) палестиналық ақын Махмуд Даруиш шығармалары арқылы отан мен қуғын-сүргін ұғымдары көркем бейнеленіп, бұл құбылыстардың рухани үндестігі көрсетіледі. Мұндай салыстырмалы зерттеулер қазақ әдебиетін халықаралық контексте қарастыруға мүмкіндік береді.

Шетелдердегі қазақ қауымының рухани өмірін насихаттауда радио мен газет-журналдардың маңызы зор болды. Хасен Оралтайдың «Шет елдерде өмір сүретін қазақтардың мәдени және қоғамдық өмірі жөнінде» (Азаттық, 1986) және «Шығыс Түркістан қазақ түріктері» (1976) атты еңбектері қазақ диаспорасының мәдени жаңғыру, тіл мен әдебиетті сақтау бағытындағы күресін көрсетеді. Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетінде (1913) жарық көрген «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» атты қағидаты шетелдегі қазақ баспасөзіне рухани бағдар болды. Бұл идеяның жалғасын 1980-жылдардағы Шыңжаңда шыққан «Шұғыла», «Шалғын», «Мұра» сияқты журналдардан көреміз. Бұқаралық ақпарат құралдарының мәдени және ұлттық сана қалыптастырудағы ролін заманауи тұрғыдан И. Уиттингтонның (*Writing Broadcast War: Literature and Radio in WWII*, 2014) еңбегінде талданған ұғыммен салыстыруға болады.

Зерттелген әдебиеттер шетелдегі қазақ әдебиетінің тарихи, саяси және мәдени контекстін кешенді түрде танытады. Ертеректегі дереккөздер – XX ғасырдың басындағы ұлттық баспасөз және «Азаттық» радиосы материалдары – тарихи шындықты айғақтаса, кейінгі ғылыми еңбектер (Жұмабаева, 2023; Оразбай, 1984) шеттегі қазақ әдебиетін теориялық тұрғыда негіздейді. Шетелдік зерттеушілер еңбектері бұл құбылыс-

ты әлемдік әдеби үрдіспен сабақтастыра қарастыруға жол ашады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Шет елдерде өмір сүретін қазақтар жөнінде баяндаудан бұрын сол «Шет елдердегі қазақтардың» қайда тұратындығын атап өткен жөн. Әрине, қазақ халқының қара шаңырағы ежелден бергі ата қонысы-Қазақстан екені аян. Бірақ Қазақстан шекарасынан тысқары өмір сүретін қазақтың бәрін «шет елдердегі қазақтар» деп сипаттауға болмайды. Өйткені, қазір РСФСР құрамындағы, сондай-ақ Моңғол Халық Республикасы мен ҚХР құрамындағы Шыңжан, яғни байырғы Шығыс Түркістанда өмір сүретін қазақтар шетелдерде емес, қазақ-қазақ болғаннан бергі ата қонысында тұрады. Олардың арасындағы шекаралық бөлектеушілік қазақ халқы жағынан емес, Қазақелін талан-таражға салған жат жұрттықтар жағынан жасалған іс. Сондықтан да Шығыс Түркістан мен Монғолиядағы және Ресейде тұратын қазақтар шетелдерде өмір сүретін қазақтар саналмайды. Шетелдердегі қазақтар қазір Ауғанстан мен Иран және Түркия мен Батыс Еуропа елдері, сондай-ақ Скандинав мемлекеттері мен АҚШ және сонау Аустралияда өмір сүретін қазақтардан тұрады. «Азаттық» радиосы өзінің бұдан қырық жыл бұрынғы хабарларында осылайша атап өтеді (Азаттық, 1985: 3).

Ақыт Үлімжіұлы сырттағы қазақтарға кеңінен танымал тұлға. Ол жайында шет елдерде басылған қазақ қаламгерлерінің еңбектерінде, сондай-ақ Совет Одағы мен ҚХР-да шыққан кітап-журналдарда көлемді мәліметтер баршылық. 1973 жылы Түркияның Стамбұл қаласында жарық көрген «Алаш» атты кітапта және «Қазақ совет энциклопедиясының» бірінші томы мен Үрімші қаласында шығатын тоқсандық «Шалғын» журналында да Ақыт жайлы мақалалар кездеседі. «Шалғында» жазылған деректердің Ақыт Үлімжіұлын өте жақын танып-білген кісілерден алынғандығы жайлы айтып, оларға алғыс білдіреді. Олардың қатарында құнды деректер берген ақынның ұлы Қазез қарт та бар. «Шалғын» журналында Ақыт қажы былайша сипатталған: «Халықтық әдебиетіміздің асыл қазынасын шалқыған теңіз десек, әр ғасыр, әр заман өз нәрін айрықша арнасы, тебіні, сарыны бойынша сол теңізге құйып келеді. Кезінде сол қайнарларға және заман арнасына арынды талабымен, өрелі ойымен, озық дарынымен бұлақ, яки өзен болып қосылған сөз шеберлерінің еңбектерін ха-

лық әділ бағалап, алтындай қастерлеп, ауыздан-ауызға таратып, қағаздан-қағазға көшіріп, күні бүгінге дейін сары майдай сақтап келеді. Халқымыздың сондай қастерлі таяу заман жазба әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі белгілі ақын, әйгілі сөз шебері-Ақыт Үлімжіұлы» (Шалғын, 1973: 25).

Ақыт бірнеше кітаптар да жазып қалдырған. Бірақ өкінішке қарай, Шығыс Түркістандағы ол кездегі ерекше жағдаймен байланысты оның шығармалары баспаға берілген емес. Ақыттың кітаптарының бәрі дерлік қолжазбамен көбейтіліп, халық арасына кеңінен таралған. Тіпті, оның еңбектері ол кездегі тәсілмен жатқа айтылып, жиындарда әнге де қосып айтылған.

Ақыт қажы еңбектерінің негізгі арқауы дінді насихаттау болған. Оның басқа діндарлардан өзгешелігі сол дінді қарапайым түрде ғана емес, заман және логикаға сәйкестіре отырып түсіндіруге тырысқандығы. Ақыттың бұл сияқты ерекшеліктерін «Қажы – Баян», «Қиямет Ақуал», «Зар Заман» сияқты еңбектерінен анық көруге болады. Ақыт қажы еңбектері баспада басылып шықпаған болса да, соның өзінде де талай шет елдік ғалымдар назарын аудармай қалған емес. Мысалы, Ақыт Үлімжіұлы еңбектерінің бірқатарын Лондондағы «British Museum» мұражайынан табуға болады. Әлем бойынша әйгілі ғылым орталығының бірі саналатын бұл жерден Ақыт еңбектерінің орын алуы оның жұртшылық назарын аударғандығының нақтылы кепілі. Ақыт ұлттық мәселеге де ерекше көңіл бөліп, туған халқының келешегі туралы:

«Ей, зар заман, зар заман,
Зарлап өткен тар заман.
Бұл заманда адам жоқ,
Келешекті ойлаған.
Ғарып Ақыт мекені,
Өр Алтайдың өр басы,
Батысты қамап орыс түр
Сыртында Қалқа торбасы.
Айналаны қоршап бекіді,
Заманың қалай, қазағым?
Бұзыла ма, Алаштың Ордасы?» –

деп күңіренді.

Ақыт Қытайдағы Алтай аймағының Оралтай өңірінде он тоғызыншы ғасырдың сексенінші жылдары дүниеге келген. Ол алғашында ауылдық молданың көмегімен сауатын ашып, кейін Орта Азияның сол кездегі ғылыми орталығы саналатын қалаларға барып оқи-

ды. Ақыт саудиялық Арабия жаққа да сапар шегіп, ол жақтағы мұсылман елдері өмірімен де таныса жүріп, мұсылмандардың киелі қаласы Мекке-Мединеге зиярат етеді. «Қажы» деген қасиетті атаққа ие болады. Сол сапарынан оралғаннан соң Ақыт қажы Алтай аймағында мектептер салынып, оқу-ағарту ісіне ерекше көңіл бөлінуіне ынталы болады. Ақыттың бұл сияқты игілікті істерін туған халқы да қолдап отырады. Ақыт қажының жанашырлық танытуы арқасында Алтай аймағында оқу-ағарту ісі өрістеп дами береді. Өзі жетекшілік етіп салдырған мектептеріне жастарды ұдайы тартып, оқыту ісімен Ақыт тікелей айналысады. Ақыт қажының Алтай аймағы бойынша оқу-ағарту ісіндегі игілікті әрекеттері өзге сегіз аймақтың бөрінен ілгері болды. Дарынды ақын Ақыт қажы халқымыздың оқу-ағарту ісіне ерекше назар аударып, сол жолда айтарлықтай еңбек сіңірген ағартушы да бола білді.

Ақыт қажы туған халқын өнер-білімге шақырған толғауларында Абай дәстүрін ұстанады. Ақылы таяздың күші-білекте екендігін, ал өнер-білім білмек үшін талапты болуды насихаттайды (Ақыт, 1980: 52).

«Шын Ши Сей 1939-шы жылдың қысында жетпіс жастағы Ақытты тұтқынға алып, абақтыда өлтірді. Шын Ши Сей сақшылары оның көптеген еңбектерін, жинаған құнды тарихи материалдарын қоса жойып жіберді. Ақыт Үлімжіұлының еңбектері мен шығармалары халық арасынан жиналып, реттеліп және зерттеліп қазіргі күні оқырманына жетті. Ақыттың Қазандағы баспаға жіберілген еңбектерінің кейбіреуін сондағы «Сейіткерей Әлкен» деген кісі өз еңбегі ретінде жарияламақ болғандығы да айтылған. Ақыттың жазып қалдырған еңбектері, баспадан шыққан кітаптары халық арасында ұзақ уақыт бойы сақталып келсе де, «мәдени төңкеріс» кезінде Линь Бяо мен «төрттік төбенің» ұлттық әдебиетке салған обадай ауыр ылаңы салдарынан жалманып кетті. Алайда, халық аяулы ақынның көп еңбектерін ардақ көріп, асыл бағалап көкірегінде сақтап қалды.

1903-ші жылы Іле қазақ автономиялы облысындағы Күнес ауданында дүниеге келген Таңжарық Жолдыұлының өмірі ұзақ жылдар бойы түрмелерде өткендіктен өлеңдері де осы тақырыпқа арналған. «Қоштасу», «Абақтыға айдалу» дейтін туындылары мен «Түрмедегі хал», «Кілітші» және «Амандасу» деген өлеңдері бар. Сол шығармаларының бірінде ақын қазақтың ауыр халін суреттейді.

Таңжарық Жолдыұлы жайлы мақалалар кезінде біздің газеттерде де, Қытайда шығатын қазақ журналдарында да жазылды. Бірақ оның бөрінен де Таңжарық Жолдыұлы сол түрмелерге «тап күресі үшін», яғни коммунистік көзқарасты жақтаған кісі болғаны үшін түскен деп көрсетіледі. Ал шын мәнісінде Таңжарық Жолдыұлының кезінде әсіресе, Шын Ши Сей дәуірінде тұтқындалып түрмеге салынуында сол кездегі қытай үкіметімен қатар совет үкіметінің де үлесі болғандығы даусыз. Оның зорлық-зомбылыққа ұшырап, түрмеге қамалуының басты себебі – «таптық күрескер» болғандығынан емес, нағыз ұлтшыл күрескерлігінен еді. Таңжарық Жолдыұлының өз халқын сүйген, нағыз ұлтшыл күрескер болғандығын дәлелдеу үшін ұзақ әңгімелеп отырудың қажеті де жоқ. Оның орысты да, қытайды да емес, тек қазақты ғана ойлап, соның ғана қамын жегендігіне «Кім жатыр абақтыда, қазақ жатыр» деп басталатын толғауы нақтылы дәлел. Сонымен қатар Таңжарық Жолдыұлы 1949 жылы «Шығыс Түркістан Республикасын» құруға ат салысқандығы, ұлт бостандығы үшін күрескендігі белгілі шындық. Оған марқұмның ұлт бостандығы қимылы жаңа етек жайып келе жатқан кезде тұтқындалып, Іледен сонау Үрімшінің өзіне апарып, қамағаны да шындық. Кейіннен Таңжарық Жолдыұлы және басқа да көптеген ұлттық күрескерлер сол Шығыс Түркістан үкіметі мен Қытай үкіметі арасында жасалған келісімге сай түрмеден босатылып еліне қайтарылды. Үрімшідегі түрмеден босатылған Таңжарық Жолдыұлы Іле-Құлжадағы ұлттық үкіметтің ісіне белсене үлес қосты. Сол бір бостандық кезеңде ол бірқатар еңбектерін жариялап та үлгерді. Сонымен қатар 40-жылдары Шығыс Түркістан үкіметінің баспасөз органы болған «Алға» деп аталатын газет те Таңжарық Жолдыұлы жайлы жиі жазып тұрды. Аз өмірінде ұлтының болашағы үшін күрескен Таңжарық Жолдыұлы 1947 жылдың тамыз айында кенеттен қаза болды. Халық арасында «өлтіріпті, ұланыпты» деген сыбыстар кеңінен тарады. Бірақ Көпейұлы Мәшһүр Жүсіптің: «Таусылмай келеді арманымыз, Қолда болмаған соң дәрменіміз» дегеніндей, қылмыстыларды анықтап жауапқа тарту мүмкіндігі табылмады.

27 жасында қайтыс болған, бірақ артына мол мұра қалдырған Дубек Шалғынбайұлының кім екендігін де Қазақстанда көпшілік біле бермейді. Дубек Шалғынбайұлы Қытайдағы қазақтар қоныстанған Тарбағатай аймағының Дөрбелең ауданында дүниеге келген. Ол Дөрбелеңдегі

аудандық мектепте оқып, кейін Шәуешектегі орта мектепті бітіреді. 1937 жылы Үрімшіге келіп, институтқа түседі. Ол журналист мамандығын таңдайды. Үрімшіде шығатын «Шыңжан» газетінің тілшісі болып істейді. Кейін 1941 жылдың аяғында Шәуешекке келіп орналасады. Дубек Шалғынбайұлы Алтай жақта Оспан батырдың ұлт бостандығы жолындағы күресін қолдап, оның жасырын түрде жақтасы болады. Ол жайында үгіт-насихат жүргізеді. 1944 жылдың қараша айында Іледе басталған көтерілісті де қуанышпен қарсы алады. Сол үшін де Шәуешек қаласынан Тарбағатай тауындағы елге аттанып, Алтайдағы Оспан батырға, Іледегі Алихан төреге көмектесудің мезгілі келгендігіне жерлертерін сендіреді. Шәуешекте қазақ тілінде араб әріптерімен шығатын өзі бас редактор болған газетте ұлт азаттық жолындағы күресті қолдау туралы үнемі ескерте отырып, туған елін оқу-білімге шақыруды да естен шығармайды. Әйтсе де Дубектің елі үшін жасаған рухани ерліктері Қытай билігінің назарынан тыс қалмайды, оны өлтіру амалын қарастырады. Ол 1947 жылдың шілдесінде опат болады.

Сырттағы қазақтар «Алтайдың ақ иығы» деп асқақтатып, ән-жырға, шығармашылықтарына арқау еткен Оспан батыр туралы жазылған материалдар жетерлік. Алайда, кеңестік «Правда» газеті 1950 жылдың маусым айының 14-і күнгі санында Оспан батырға шабуылдап, оның ұлт-азаттық қимылына Американы қосақтап, негізсіз жала жапты. «Оспан батыр маршал Чан Кайши айтқанындай орысты, мәскеулік «Правдада» жазылғанындай Американы жақтап, солардың арандатуымен әрекет етпеген-ді. Ол тек қана елінің ұлттық тәуелсіздігі үшін арпалысқан. Сол мақсат жолында күрескен. Оспан батырдың халқының ұлт азаттығы жолындағы күресі томдаған кітаптарға сыймайтындай мол да қомақты. Ол жетекшілік еткен ұлт-азаттық қимылы 1944-ші жылдың көктемінде Алтай аймағының гоминдандық Қытайдан құтқарылуына жеткізген. Кейін сол күрестің жемісі ретінде Тарбағатай-Құлжа аймақтары да құтқарылды. Тәуелсіз «Шығыс Түркістан Республикасы» құрылды. Оспан батыр сарбаздары:

Қару-жарақ қолымызда,
Дұшпан тұра алмайды жолымызда.
Алашқа әскер боламыз,
Ай-жұлдызды ту алдымызда, —

деп ұрандап, шабуылға өтетін. Оспан батырмен 1948 жылдың күзінде әңгімелескен америкалық

ғалым проф.Барнетт Ошанның қарулы күштері және бағыты турасында «Қытай коммунистік әкімшілік қарсаңында» делінген кітабында түсінік берді (Barnet,1965:268). Атақты ағылшын жазушысы Годфрей Лиас да өзінің «Kazakh Exodus», яғни «Босқын қазақтар» делінген кітабында да Оспан батырдың ұлт-азаттық күресі жайында көлемді түрде тоқталған (Lias,1956:97). LiасОспан батыр жөнінде Түркияда көптеген кітаптар басылып шықты. Сонымен бірге Оспан батырдың күресі жайында шетел баспасөз органдарында жарияланған қомақты мақалалардың саны өте көп. Қорыта айтқанда, Оспан батыр туған елі мен туған халқының ұлт-азаттығы үшін күресіп, сол жолда 1951 жылдың көкек айының 28-і күні коммунистік Қытай әкімшілігі жағынан шейіт болған ұлттық қаһарман. Оны туған халқы, сондай-ақ ұлт азаттықтың шынайы жақтасы барлық адал ниетті жандар ұмытпайды, ұмытқан да жоқ. Кезінде Әбдікерім Ынтықбайұлының «шынайы ел қорғаны-Оспан батыр» екендігін Үрімжіде «Алтай» журналында жарияланған «Сәлем де» деген өлеңінде «Қормалым, ардагерім, асқар белім, Ұстаған панам сенсің ел шетіне»-деп жырлаған.

Ал, Оспан батырдың адал досы, серіктесі бола білген Бүркітбайдың түрмеде жатып жазған толғаулары сондағы бір қазақтың көмегімен көпшілікке жетіп, сол кездің өзінде халық арасында кеңінен тарайды. Оның жазғандары тіпті шетелдерде басылған еңбектерге де енген. Мысалы, Түркияның Измир қаласында 1961 жылы жарық көрген «Шығыс Түркістандағы қазақтардың ұлт-бостандығы күресі» деп аталатын түрік тіліндегі кітапта сол Бүркітбай толғауларында армандарына жете алмаған Шығыс Түркістан қазақтарының жай-күйін баяндап, қолы байлаулы, іші қайнап, дәрменсіз болғандығын баяндайды.

Аталған кітапта көрсетілгеніндей, Бүркітбай сол толғауында халқымен қоштасқанда да еркіндік іздеп, бостандық үшін күрескен ерлерге де үміт артады.

Халқының бостандығы жолында күрескен ерлерге, елінің амандығын тілеп өлең-толғау жазғандардың бірі ретінде қарт ақын және композитор Шәкәрім Әкірамыдың «Айбынды елім» деген өлеңі де әуе толқынынан берілген екен.

Айбынды елім,
Асқар белім.
Арқауым, сүйенішім,
Сенсің менің! (Әкрами, 1980:6) .

Исі қазақ халқына толық танылмаған, аса көрнекті тұлғалардың бірі, Қытайдағы қазақ жазушысы Нариман Жабағытайұлы жайлы «Азаттық» радиосынан берілген хабарда оның өмір жолы мен еңбектері баяндалады.

«Бізге енді ғана келіп жеткен хабарларға қарағанда Нариман Жабағытайұлы өткен 1991 жылы жазда қайтыс болыпты. Марқұмның қайтыс болуына байланысты туған елінде қазақ тілінде шығатын газет-журналдарда, қандай мәлімет-материал жарияланды, ол жағы бізге белгісіз. Өйткені, ҚХР-дың құрамындағы жарияланатын газеттер, әлгі «ішкі басылым» дейтін тежеумен сыртқа шығарылмайды. Ал, бізге келетін «Шұғыла» мен «Мұра» журналдарының біздің қолымызға тиген сандарында Нариман Жабағытайұлының қазасы жөнінде ешқандай мәлімет кездестірмедік. Алайда Нариман Жабағытайұлы атаусыз қалатын қарапайым тұлға емес-ті» (Азаттық, 1992:4). Нариман Жабағытайұлының қытай тілінен қазақшаға аударған еңбектерінің жалпы саны алпыстан астам. Оның тысында өзі жазған еңбектері де баршылық. Әрине, оның көбінің қытайлық цензураға ұшырап, жарық көрмегенін де айта кеткен жөн. Нариман Жабағытайұлының еңбектері мен өмір жолы жөнінде 1988-ші жылдың бас шенінде Үрімшіде шығатын «Шыңжаң» газетінің қазақ тіліндегі санында көлемді бір мақала жарияланған. Аталған газеттің бас редакторы Қайролла жазған ол мақалада Нариман Жабағытайұлының өмір жолы мен еңбектері біршама жақсы баяндалған. «1988 жылы жазда Үрімшідегі үйінде болған кезімізде Нариман Жабағытайұлы сол «Шыңжаң» газетінде өзі жөнінде жарияланған мақаланы Мақсат Кәдірханұлы туысқа оқытып, бізге тыңдатқан-ды. Бірақ аталған мақаланы таспаға жазып алуыма немесе мақала шыққан газетті алуыма рұхсат етпеген-ді. Қайтесің, «ішкі басылым» дейтін бәлесі бар ғой, сол да саған кедергілік жасап жүрмесін» деп әкімшілерден жасқанғандығын аңғартқан-ды.

Нариманның әкесі Жабағытай қазақ тарихында елеулі тұлға болған адам. Ол Шәкәрім Құдайбердіұлының хатшысы болған. Шығыс Түркістан жаққа қоныс аударып, Еренқабырғаның Қызылөзен-Манас өңіріне орналасқаннан кейін де жасырын түрде Шәкәрім Құдайбердіұлы еңбектерін сенімді кісілерге қол жазумен көбейтіп беріп отырған. Кейін марқұм Жабағытай кезінде Алаш партиясы мен Алаш Орда үкіметінің жағында болғандығы анықталған. Шығыс Түркістанға Рақымжан Мәрсекұлымен

деңгейлес қоныс аударған. 1949 жылға дейін де Рақымжан Мәрсекұлының інісі Шердіман Мәрсекұлымен барыс-келісте болған.

Ал, Нариман Жабағытайұлына қайта оралатын болсақ, Қызылөзен мен Манас өзені арасындағы ел «Накен» деп те атайтын Нариман 1946 жылдан кейін Қалибек Хакімнің хатшысы болып та міндет атқарған. Нариман Жабағытайұлы мен Хамза Үшар Шөмішбайұлы бірлесе отырып, 1947 жылы Қызылөзенде таспамен көбейтіп, Қалибек Хакімнің ұйғарымына сай таратқан жазбасының бірінде былай делінген:

Дін қайда, құқ қайда, намыс қайда?
Қан қайда, еңбек қайда, үміт қайда?
Еңбек ет, жатқа жабдық боп тұрмыз,
Ойланьдар, кімге зиян, кімге пайда?
Құл қылды қожайындар қодырандап,
Шынайы бостандықтың кілті қайда?
Топаннан Нұқ құтылған қайратпенен,
Жалынба, жауды жайрат, жарак сайла...

Нариман Жабағытайұлы жалпы Қытайда, сондай-ақ Шығыс Түркістанда әлгі «төрттік төбе» делініп те сипатталатын, маоизмнің арындаған зұлымдығы кезінде көп жапа шеккен. Талай рет сүйретіліп сабалған. Өліммен бетпе-бет келтірілген. Кейіндеп, бір ауылға апарып қой бақтырған. Өз басынан кешкен сол бір кезеңдерді 1984 жылы маған өз аузымен баяндап берген-ді. Сонымен бірге Қалибек Хакімге де сәлем айтқан-ды» (Оралтай, 1984:2)..

Қай кезеңде, қай уақытта болмасын адам өмірінде кітап, газет-журналдар үлкен роль атқарады. «Қазақ» газеті 1913 жылғы алғашқы санында газет ашудың, баспасөздің қажеттілігін оқырманына түсіндіре келіп, «Милләд халын ойымызға алып, қызмет етуді мойнымызға алып, арнаған бір ісіміз, Құдай сәтін салып, аумин деп қол жайып, «әуп» деп күш қосып, «Алла» деп іске кіріселік, – деген сөздермен жаңа бір жұмысты бастап еді. Сол газеттің негізін қалаған Ақаң газет ашудың төрт түрлі қызметін алға тартып, әлеуметке маңызын түсіндірген болатын. Ақаңның осы пікірі иісі қазаққа танымал болып, сырттағы қандастарымыздың «білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газета арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұру» үшін өз газет-журналдарын шығара бастады.

«Әуелі, газета – халықтың көзі, құлағы һәм тілі...»,
«Үшінші, газета – халыққа білім таратушы...»,
«Төртінші газета – халықтың даушысы. «Жұртым»

деп халық арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газета арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады» (Байтұрсынұлы, 1913 :2).

Өткен ғасырдың 80-жылдарында Шыңжаңда қазақ тілінде тоқсандық, айлық болып 11 журнал және күндік 3 газет шығады.

Журналдар: Іле айдыны, Шұғыла, Шалғын, Алтай аясы, Тарбағатай, Мұра, Іле жастары, Білім және өнер, Оқу-ағарту, Ауыл шаруашылығы, Көкжиек.

Газеттер: «Шыңжаң газеті», «Іле өрені», «Алтай газеті». Осылардың ішінде әдеби «Шұғыла», «Шалғын», «Мұра» сияқты журналдарда қаламгерлердің әр жанрдағы жазғандары жарық көріп тұрады.

Мысалы, Шығыс Түркістанда қазақ тілінде шығатын маңызды «Мұра» журналының бірінші бетінде ұлттық мұраға берік болудың қажеттілігі үлкен әріптермен:

Жалбыр-жұлбыр деменіз,
Көнекөздің айғағы,
Ортақтассаң сырына,
Еске түсер қайдағы», –

делініп ескертілген. Сол журналда жалпы алғанда бүкіл түркі тектес халықтардың ұлттық мұрасы саналатын, жекелегенде қазақтарға қатысы мол көптеген жәйттер де баяндалған. Мысалы, Мұқтархан Оразбайұлы бүкіл түркі тектес халықтарға ортақ, қомақты да құнды еңбек «Құтты білімді» (Құдатғу білігі) қазақшаға аударуға ат салысып, көлемді түсінік берген мақала жазған (Оразбайұлы, 1984: 4).

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, «Азаттық» радиосының хабарлары Қытайдағы қазақ қаламгерлерінің шығармашылық мұрасын насихаттауда және ғылыми айналымға енгізуде айрықша роль атқарды. Радиохабарлар арқылы тек кеңінен танылған тұлғалардың ғана емес, ел ішінде көпшілікке беймәлім болған қаламгерлердің де еңбектері жарияланып, қазақ әдебиетінің жаңа қырлары ашылды.

Қаламгерлер шығармашылығында ұлттық сана мен азаттық идеясы, ана тілін сақтау, діни-ағартушылық қызмет және тарихи жадыны жаңғырту мәселелері негізгі тақырып ретінде көрініс тапты. Әсіресе Ақыт қажы Үлімжіұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Дубек Шалғынбайұлы, Әбдікерім Ынтықбайұлы, Шәкәрім Әкірами секілді тұлғалардың еңбектері шетелдегі қазақ қауымының рухани өмірін танытумен қатар, олардың ұлттық болмысын сақтап қалуда ерекше маңызға ие болды.

Сонымен бірге, Қытайдағы саяси ахуалдың әр кезеңдегі өзгерістері қаламгерлер шығармаларына ықпал етіп, олардың тақырыптық-идеялық бағытына түзетулер енгізді. Бұл құбылысты «Азаттық» радиосынан берілген хабарлар нақты мысалдармен көрсете білді.

Жалпы алғанда, «Азаттық» радиосының Қытай қазақтарына қатысты хабарлары ұлттық әдебиет пен журналистика тарихын толықтыратын құнды дерек көзі болып табылады. Ол қазақ халқының мәдени мұрасын шекарадан тыс аймақтарда сақтап, оны болашақ ұрпаққа жеткізуде ерекше қызмет атқарды.

Әдебиеттер

- Ақыт дарынды ақын, ұлы ойшыл, кемеңгер ел. // Азаттық радиосы. – (1973. – 19 мамыр) – ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы, Х. Оралтай қоры
- Ақынның сөзі өлмейді. // Шалғын. – 1973. – №4.
- Әкранұлы, Ш. Айбынды елім. // Азаттық радиосы. – 1980. – 4 қараша. – ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы, Х. Оралтай қоры.
- Байтұрсынұлы, А. (1913). *Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі* // Қазақ газеті, – №1, 1-б.
- Алтай, Х. (1976). Шығыс Түркістан қазақтарының қысқаша тарихы (2 басылым., Х. Оралтай, ред.). Стамбул
- Barnett, A. D. (1963). *China on the eve of communist takeover*// Praeger <https://doi.org/10.4324/9780429035968>
- Chakars, J. (2016). International media and Latvian sovereignty//*International Journal of Communication*, 10, 1234–1256.
- Driscoll, J., & Zachary C. Steinert-Threlkeld.Z. (2020). Social media and Russian territorial irredentism: Some facts and a conjecture//*Post-Soviet Affairs*. <https://doi.org/10.1080/1060586X.2019.1701879>
- Hale, C., & Siroky, D. (2023). Irredentism and institutions//*British Journal of Political Science*. <https://doi.org/10.1017/S0007123423000210>
- Iuba, S., Okonkwo, M., & Adewale, T. (2023). Changing irredentist tendencies in Nigeria: An analysis of media coverage// *IMSU Journal of Communication Studies*, 5(2), 44–60.

- Жабағытай Нариманның қазасы жайында. // Азаттық радиосы. – (1992. – 20 мамыр) – ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы, Х. Оралтай қоры
- Жұмабаева, А. (2023). Ирреденттік қазақ әдебиеті: нысаны, көркемдік сабақтастығы//*GYLYM JÁNE BILIM – 2023: XVIII халықаралық ғылыми конференция материалдары* (б. 685). Астана.
- Lias, G. (1956). *Kazak Exodus: A nation flight to freedom*// London: Jonathan Cape.
- Mahfoodh, H. (2021). The poetry of Darwish in the 1960s: Homeland and exile//*Arab World English Journal for Translation & Literary Studies*, 5(1), 70–84. <https://doi.org/10.24093/awej-tls/vol5no1.6>
- Nagle, J. F. (2025). *Framing irredentism: Ancient statehood, sacred lands and causes and the national family*// Nations and Nationalism. <https://doi.org/10.1111/nana.13101>
- Оралтай, Х. *Ақыт өмірімен байланысты тың деректер*. // Азаттық радиосы. – 1981. – 27 ақпан. – ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы, Х. Оралтай қоры.
- Оралтай, Х. *Шет елдерде өмір сүретін қазақтардың мәдени және қоғамдық өмірі жөнінде*.//Азаттық радиосы. – 1986. – 4 қараша. – ҚР ұлттық академиялық кітапханасының мұрағаты, Х.Оралтай қоры
- Оразбай, М. (1984). *Асыл мұра*/Мұра, (4).
- Wagner, H. U. (2019). The Poetry of Mahmoud Darwish in the 1960s//*Arab World English Journal for Translation & Literary Studies*, 5(3), 200–215. <https://doi.org/10.24093/awej-tls/vol5no3.14>
- Whittington, I. (2018). *Writing the Radio War: Literature, Politics and the BBC, 1939–1945*//Edinburgh: Edinburgh University Press <https://doi.org/10.3366/edinburgh/9781474413596.001.0001>

References

- Aqyt daryndy aqyn, uly oyshyl, kemenger el* [Aqyt is a talented poet, a great thinker, a wise nation]. (1973, May 19). Azattyq radiosy. Qazaqstan Respublikasy Ulttyq akademiyaalyq kitapkhanasy, Kh. Oraltai qory. [In Kazakh].
- Aqynnyñ sozi ölmeidi* [A poet's words do not die]. (1973). Shalgyn, (4) [In Kazakh].
- Äkramuly, Sh. (1980, November 4). *Aibyñdy elim* [My proud nation]. Azattyq radiosy. Qazaqstan Respublikasy Ulttyq akademiyaalyq kitapkhanasy, Kh. Oraltai qory. [In Kazakh].
- Altai, Kh. (1976). *Shygys Türkistan qazaqtarynyñ qysqasha tariykhy* (2nd ed., H. Oraltai, Ed.). Istanbul. [In Kazakh].
- Baitursynuly, A. (1913). *Gazet – khalyqtyñ közi, qulagý hám tili* [The newspaper is the eyes, ears, and tongue of the people]. **Qazaq gazeti**, (1), p. 1. [In Kazakh].
- Barnett, A. D. (1963). *China on the eve of communist takeover*. Praeger. <https://doi.org/10.4324/9780429035968>.
- Chakars, J. (2016). International media and Latvian sovereignty. *International Journal of Communication*, 10, 1234–1256.
- Driscoll, J., & Zachary C. Steinert Threlkeld, Z. (2020). Social media and Russian territorial irredentism: Some facts and a conjecture. *Post-Soviet Affairs*. <https://doi.org/10.1080/1060586X.2019.1701879>
- Hale, C., & Siroky, D. (2023). Irredentism and institutions. *British Journal of Political Science*. <https://doi.org/10.1017/S0007123423000210>
- Iuba, S., Okonkwo, M., & Adewale, T. (2023). Changing irredentist tendencies in Nigeria: An analysis of media coverage. *IMSU Journal of Communication Studies*, 5(2), 44–60. [In English].
- Zhabagytai Narimannyn qazasy zhayında* [On the death of Zhabagytai Nariman]. (1992, May 20). Azattyq radiosy. Qazaqstan Respublikasy Ulttyq akademiyaalyq kitapkhanasy, Kh. Oraltai qory. [In Kazakh].
- Jūmabaeva, A. (2023). Irredenttik qazaq әдебиеті: нисаны, көркемдік сабақтастығы.[Irredentist Kazakh literature: its subject and artistic continuity]// *GYLYM JÁNE BILIM – 2023: XVIII halyqaralyq ғылыми konferenciya materialdary* (б. 685). Astana. [In Kazakh].
- Lias, G. (1956). *Kazak Exodus: A nation flight to freedom*//London: Jonathan Cape. [In English].
- Mahfoodh, H. (2021). The poetry of Darwish in the 1960s: Homeland and exile//*Arab World English Journal for Translation & Literary Studies*, 5(1), 70–84. <https://doi.org/10.24093/awej-tls/vol5no1.6>
- Nagle, J. F. (2025). *Framing irredentism: Ancient statehood, sacred lands and causes and the national family*//*Nations and Nationalism*. <https://doi.org/10.1111/nana.13101>
- Oraltai, Kh. (1981, February 27). *Aqyt ómirimen baylanysty tyn derekter* [New facts related to Aqyt's life]. Azattyq radiosy. Qazaqstan Respublikasy Ulttyq akademiyaalyq kitapkhanasy, Kh. Oraltai qory. [In Kazakh].
- Oraltai, Kh. (1986, November 4). *Shet elderde ómir súretin qazaqtardyn мәдени және қоғамдық өмірі жөнінде* [On the cultural and social life of Kazakhs living abroad]. Azattyq radiosy. Qazaqstan Respublikasy Ulttyq akademiyaalyq kitapkhanasy, Kh. Oraltai qory. [In Kazakh].
- Orazbay, M. (1984). *Asyl múra*. [Precious Heritage]//Múra, (4). [In Kazakh].
- Wagner, H. U. (2019). The poetry of Mahmoud Darwish in the 1960s//*Arab World English Journal for Translation & Literary Studies*, 5(3), 200–215. <https://doi.org/10.24093/awej-tls/vol5no3.14>
- Whittington, I. (2018). *Writing the Radio War: Literature, Politics and the BBC, 1939–1945*//Edinburgh: Edinburgh University Press. <https://doi.org/10.3366/edinburgh/9781474413596.001.0001>

Авторлар туралы мәлімет:

Нуриден Рахима Шариповна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті (Астана, Қазақстан, e-mail: rahima_n55@mail.ru);

Мукашева Манчук Тынышкалиевна – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультетінің аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: m.mukasheva@yandex.kz);

Тілепберген Ақмөлдiр Мақсатқызы – философия ғылымдарының докторы, PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультетінің аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: akmoldir@list.ru);

Джуматаева Венера Таниржановна – магистр, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультетінің оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: venera.dzhumataeva@gmail.com).

Information about authors:

Nuriden Rakhima Sharipovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: rahima_n55@mail.ru);

Mukasheva Manshuk Tynyskalievna – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: m.mukasheva@yandex.kz);

Tilepbergen Akmoldir Maksatkyzy – Doctor of Philosophy (PhD), Senior Lecturer, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: akmoldir@list.ru);

Dzhumatayeva Venera Tanirzhanovna – Master's Degree, Lecturer at the Faculty of Journalism of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: venera.dzhumataeva@gmail.com).

Сведения об авторах:

Нуриден Рахима Шариповна – кандидат филологических наук, доцент, PhD, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва (Астана, Казахстан, e-mail: rahima_n55@mail.ru);

Мукашева Манчук Тынышкалиевна – кандидат филологических наук, старший преподаватель факультета журналистики Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: m.mukasheva@yandex.kz);

Тілепберген Ақмөлдiр Мақсатқызы – доктор философии (PhD), старший преподаватель факультета журналистики Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: akmoldir@list.ru);

Джуматаева Венера Таниржановна – преподаватель факультета журналистики Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: venera.dzhumataeva@gmail.com).

Келін түсті: 15 тамыз 2025 жыл
Қабылданды: 28 қазан 2025 жыл